

А. Кара¹ , А.П. Алиакбарова² , А.К. Оспанова^{2*} 

¹ Мимар Синан көркем өнер университеті
Стамбул қ, 34000, Түркия Республикасы

² С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

ТҮРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ: БАТЫС ПЕН ТҮРІК ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАР

Аңдатпа

Ғылыми мақалада қазақ диаспорасының тарихнамасы Түркияға қоныс аударған қазақтардың тарихи тағдыры негізінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – дереккөздер мен ғылыми еңбектерге сүйене отырып, диаспора тарихының саяси, әлеуметтік және мәдени қырларын анықтау, Батыс пен түрік ғалымдарының методологиялық ұстанымдарын салыстыру және олардың қазақ көші-қоны мен ұлттық бірегейлікті сақтау тәжірибесіне қатысты ұсынған ғылыми тұжырымдарын жүйелеу. Осы негізде мақалада Батыс ғалымдарының еңбектері мен түрік тілінде жазылған зерттеушілердің еңбектері негізгі дереккөз ретінде алынып, олардың методологиялық ұстанымдары мен мазмұндық бағыттары салыстырмалы түрде сараланды. Батыстық зерттеушілер қазақ диаспорасын жаһандық миграция үдерісінің бір бөлігі ретінде миграциялық теория тұрғысынан қарастырса, түрік ғалымдары оны түркі дүниесінің тарихи-мәдени жалғасы ретінде интерпретациялайды. Зерттеу барысында куәгерлік сипаттағы деректер мен көші-қонға қатысқан немесе оған куә болған азаматтардың естеліктері де қарастырылды. Бұл материалдар ғылыми еңбектерде әдеби-публицистикалық сипатта болғанымен, диаспораның әлеуметтік-психологиялық болмысын және тарихи жағдайға орнына қатысты құнды мәліметтер ұсынып қазақ диаспорасының тарихын кеңірек түсінуге мүмкіндік туғызады. Зерттеу нәтижелері Батыс пен түркиялық зерттеулерді өзара сабақтастыра талдау арқылы қазақ диаспорасы тарихының саяси, әлеуметтік және мәдени қырларын кешенді түрде зерделеуге жағдай жасады.

Негізгі сөздер: қазақ диаспорасы, тарихнама, Түркия қазақтары, көші-қон, Шығыс Түркістан.

Кіріспе

1950 жылдардан бастау алған саяси-идеологиялық өзгерістер мен геосаяси катаклизмдер көптеген этностардың, соның ішінде қазақ ұлтының тарихи Отанына деген қатынасын қайта бағамдауға негіз болды. Осы тұрғыдан алғанда Түркия қазақтарының тарихнамасы ХХ ғасырдағы ірі көші-қон үдерісінің және халықаралық ғылыми қауымдастықтың назарында болған өзекті тақырыптардың бірі. Қазақ диаспорасының тарихнамалық зерттелуі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап халықаралық ғылыми кеңістікте ерекше назарға алынды. Түркияға қоныс аударған қазақтардың тағдыры, олардың этномәдени бейімделуі мен тарихи жадын сақтауы ғылыми зерттеулердің негізгі арқауына айналды десек болады. Бұл мәселе тек түрік ғалымдарының ғана емес, сондай-ақ Батыс зерттеушілерінің де қызығушылығын туғызып, әртүрлі ғылыми интерпретациялар қалыптастырды.

Түркиядағы қазақ қауымдастығы – диаспоралық зерттеулерде өзіндік ерекшелігі бар тарихи құбылыс. Түрік тілді зерттеушілер қазақтардың көші-қон тарихын түркі халықтарының бірлігі мен ортақ рухани мұрасы тұрғысынан қарастырса, Батыс ғалымдары бұл құбылысты әлеуметтік-антропологиялық және миграциялық теориялар негізінде талдағанын және бір мәселенің әртүрлі ғылыми мектептерде түрлі қырынан түсіндірілгенін байқауға болады. Осы негізде жазылған бұл зерттеудің басты мақсаты – Түркия қазақтарының тарихнамасын Батыс пен Түрік зерттеулеріндегі ғылыми интерпретациялар негізінде салыстыра отырып, олардың әдістемелік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау. Екі ғылыми мектептің зерттеу бағыттарын салыстыру арқылы қазақ диаспорасын зерделеудегі жаңа интерпретациялық мүмкіндіктерді анықтауға жол ашу

болып отыр. Сонымен қатар, қазіргі таңда диаспора тарихын зерттеу тек этникалық қауымдастықтың өткенімен шектелмей, жаһандық деңгейде жүріп жатқан көші-қон үдерістерін және ұлт пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды зерделеуде маңызды ғылыми-теориялық негіз қалыптастыруда. Осы тұрғыдан алғанда қазақтардың Түркияға қоныстануынан кейінгі зерттеулерді шартты түрде төрт негізгі кезеңге бөлуге болады:

Қазақтарды әлемге таныту кезеңі – 1952–1960 жылдары шетелдік баспасөз беттерінде және алғашқы дереккөздерде қазақтардың тағдыры мен көші-қон тарихын жариялау арқылы олардың бейнесін халықаралық қауымдастыққа таныстыру үрдісі күшейді;

Қазақтардың өздерін түрік қоғамына және кейінгі ұрпақтарына таныстыру кезеңі – 1960–1980 жылдары қазақ диаспорасы Түркия қоғамына бейімделу үдерісімен қатар, мәдени және діни құндылықтарын сақтап, ұрпаққа жеткізу мақсатында қоғамдық ұйымдар құрып, баспасөзде белсенділік танытты;

Қазақтардың Түркиядағы өмірін зерттеу кезеңі – 1980–1993 жылдары ғылыми ортада қазақтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне қатысты алғашқы академиялық зерттеулер жүргізіліп, этнографиялық деректер жинақталды;

Түркиядағы қазақтардың өздерін Қазақстанға таныту кезеңі – 1993 жылдан бастап Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін тарихи отанмен байланыс орнату, мәдени мұра мен көші-қон тарихын Қазақстан ғылымына таныстыру бағытында зерттеулер жаңа серпін алды [1. - 545].

Түркия қазақтарының тарихнамасы – ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени-рухани құндылықтарды жаңа ортада жаңғырту және диаспоралық қауымдардың жаһандану жағдайындағы трансформациясын зерделеудің маңызды үлгісі болып табылады. Бұл саладағы зерттеулер Қазақстандағы ұлттық тарихнаманы толықтырумен қатар, қазіргі диаспорология ғылымының дамуына үлес қосып, пәнаралық зерттеу кеңістігінің кеңеюіне ықпал етеді.

Қазақтардың Түркияға қоныстануынан кейінгі жарты ғасырдан астам уақыт ішінде олар туралы этнографиялық, тарихи және социологиялық тұрғыдағы көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл еңбектерде қазақ диаспорасының қоныстану географиясы, әлеуметтік-экономикалық бейімделуі, діни өмірі, мәдени трансформациясы және ұлттық бірегейлікті сақтау стратегиялары жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар қазақтардың өз арасынан шыққан қаламгерлер де туған халқының тағдырын, көші-қон тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, діни-рухани өмірін баяндаған құнды еңбектер жариялады. Мұндай шығармалар тек естелік ретінде ғана емес, ғылыми дерек көзі ретінде де құнды, себебі оларда сол кезеңнің тарихи шындығы, тұрмыстық және психологиялық көріністері, ұжымдық жад элементтері айқын сақталған. Бұл еңбектер қазақ диаспорасының тарихын зерттеуде деректік базаны толықтырып қана қоймай, олардың Түркиядағы ұлттық-мәдени интеграциясының ерекшеліктерін анықтауға, диаспоралық қауымдастықтың әлеуметтік ролін талдауға және түркі дүниесі тарихын тұтастандыруға үлес қосады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында Түркия қазақтарының тарихнамасын талдауға арналған әртүрлі ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды. Ең алдымен тарихи-құжаттық талдау жүргізіліп, Батыс және түрік зерттеушілерінің еңбектері негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Олардың қатарында Г. Лиастың [2. - 230], М. Кларк [3. - 621], И.Сванбергтің [4. - 210] еңбектері, сондай-ақ С. Чағатай [5. - 193], Х. Алтай [6. - 475], Х. Оралтай [7. - 212], Қ. Ғайротолла [8. - 272], А. Кара сияқты түрік тіліндегі зерттеулер қарастырылды. Бұл деректер қазақ диаспорасының көші-қон тарихын, әлеуметтік бейімделуін және ұлттық болмысты сақтау жолдарын зерделеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, Батыс пен Түркия зерттеушілерінің ұстанымдары өзара салыстырылды. Батыс зерттеушілері қазақ көші-қонын көбіне саяси оқиғалардың салдары

ретінде сипаттаса, түркиялық ғалымдар ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени-рухани тұтастық мәселелеріне ерекше мән берген. Мұндай салыстыру тарихнамалық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге жол ашты.

Талдау және синтездеу әдісі арқылы куәгерлік сипаттағы деректер мен әдеби естеліктер қарастырылып, субъективті көзқарастар тарихи фактілермен салыстырылды. Бұл тәсіл тарихи деректерді жүйелеуге және ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ этнографиялық талдау жүргізіліп, Түркия қазақтарының тілдік ортасы, мәдени дәстүрлері мен діни құндылықтарының зерттеулерде көрініс табуы қарастырылды. Зерттеу пәнаралық сипатқа ие болғандықтан, тарих ғылымымен қатар этнология, мәдениеттану және диаспорология әдістері пайдаланылды.

Зерттеу материалдарының бір бағыты - Батыс ғалымдарының еңбектері. М. Кларктың [3. - 621] мақаласында қазақтардың Қытайдан Түркияға дейінгі күрделі көші-қоны «еркіндікке ұмтылыс» ретінде сипатталса, Г. Лиастың [2.- 230] еңбегінде босқындық тағдырдың драмалық сипаты көрсетілді. Зерттеуші И. Сванберг [4.- 210] қазақ диаспорасының әлеуметтік интеграциясы мен дәстүрлі мәдениетін этнографиялық тұрғыда зерттеп, қазақ қауымдарымен сұхбат жүргізді. Бұл еңбектер диаспора тарихын ғылыми айналымға енгізуге айрықша үлес қосты.

Екінші бағыт - түркиялық ғалымдар мен куәгерлердің еңбектері. Саадет Чағатайдың «Kazakça Metinler» [5. - 193] жинағы қазақ тілін зерттеуде құнды дереккөзге айналды. Х. Алтайдың [Anayurttan Anadolu'ya] [6. -475] Қ. Файротолла «Altaylarda Kanlı Günler» [8. -272] атты естелігі көші-қон барысындағы қиыншылықтарды, Түркияға қоныстану тәжірибесін куәгерлік негізде баяндайды. Сонымен қатар Х. Оралтай еңбектері мен кейінгі ұрпақ зерттеушілерінің жазбалары тарихи деректерді толықтыра отырып, диаспора тарихына жаңа методологиялық өлшемдер енгізгенін көруімізге болады. Аталған деректердің ерекшелігі оқиғалардың ішкі көзқарас тұрғысынан ұсынылуында. Көшке қатысқан азаматтардың естеліктері тарихи-саяси себептерді, әлеуметтік-психологиялық қырларын ашып көрсетсе, ғалымдардың зерттеулері оларды ғылыми жүйелеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде Түркия қазақтарының тарихнамасы тек сыртқы зерттеушілердің еңбектерімен ғана емес, қауымның өз жадынан алынған материалдар негізінде қалыптасты. Аталған дереккөздер кешені Түркия қазақтарының тарихын кешенді негізде қарастыруға, олардың әлеуметтік-мәдени бейнесін реконструкциялауға және ғылыми тұжырымдар жасауға негіз болды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақ диаспорасының тарихы ХХ ғасырдағы күрделі көші-қон үдерістерімен тығыз байланысты. Бұл үдерістің маңызды тармақтарының бірі – Түркияға қоныстанған қазақтар тағдыры. Қазақтардың Түркияға көшуі негізінен Қытайдың Шыңжаң аймағындағы саяси тұрақсыздық, 1950–1960 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен әлеуметтік қысымдар салдарынан жүзеге асқан болатын [2. -230]. Бұл көші-қон үдерісі барысында қазақ қауымдастығы тек жаңа қоныс мекенін иеленіп ғана қойған жоқ, сонымен қатар өздерінің этникалық, діни және мәдени бірегейлігін сақтап қалуға ұмтылды.

Түркияға қоныс аударған қазақтар тағдыры ғылыми зерттеулерде әртүрлі интерпретацияланғанын көруімізге болады. Бұл бағыттағы зерттеулерді екі үлкен мектепке бөлуге болады: Батыс зерттеушілерінің еңбектері және түрік тілді еңбектер. Әрбір мектептің зерттеу әдістемесі, дереккөздерді қолдануы және қазақ диаспорасына берген бағасы өзіндік ерекшеліктерге ие. Тарихнамалық деректер көрсеткендей, Батыс зерттеулерінде қазақтардың көші-қонын деректік тұрғыда миграция теориясына сүйене отырып, саяси және әлеуметтік миграциялық құбылыс ретінде сипаттаса, ал түрік тілді зерттеушілер қазақ көшін түркі халықтарының мәдени сабақтастығы мен тарихи тұтастығының жалғасы деп бағалайды. Екі бағыттағы зерттеудің ортақ тұсы диаспора тарихын жан-жақты зерделеуге мүмкіндік беруі және қазіргі диаспорология ғылымы үшін

тың бағыттарды айқындайды және Қазақстандық тарихнама үшін бұл еңбектер маңызды дереккөз болып табылады.

Кіріспе бөлімінде атап өтілгендей, Түркия қазақтарының тарихи көшін үлкен төрт кезеңге бөле отырып қарастырамыз. 1952–1960 жылдарды қамтитын алғашқы кезең қазақтардың Түркияға қоныстануының бастапқы жылдарына сәйкес келеді. Бұл уақытта Пәкістан мен Үндістан арқылы Түркияға жеткен қазақтар туралы ақпарат өте шектеулі болды, олар түрік қоғамына да, Еуропаның өзге елдеріне де беймәлім еді. Көпшілік «қазақ» этнонимі туралы мүлдем хабарсыз болды, ал білгендердің бір бөлігі қазақтарды «Казакки» немесе «Cosaque» деп аталатын орыс казактарымен шатастырды. Бұл құбылыс қазақ диаспорасының өзіндік этникалық бейнесін түсіндіруді, тарихи-мәдени ерекшеліктерін айқындауды қажет етті. Осы кезеңде кейбір зерттеушілер мен журналистер қазақтардың тарихы мен мәдениетіне қызығушылық танытып, олардың көші-қон себептерін, этникалық, діни және әлеуметтік болмысын зерттей бастады. Бұл зерттеушілердің басым бөлігі қазақтарды бұрыннан білетін, не сол қауымдастықпен байланысы бар тұлғалардың ықпалымен жұмыс істеген ғалымдар болды. Зерттеулердің негізгі мақсаты – «Қазақтар кімдер?», «Олар не себепті атамекендерін тастап, Түркияға қоныс аударды?» деген сұрақтарға жауап алу және қазақтарды халықаралық ғылыми және қоғамдық ортаға таныстыру болды. Аталмыш кезеңде жинақталған материалдар қазақ диаспорасының тарихын құжаттандыруға, олардың көші-қон үдерістерін ғылыми тұрғыда түсіндіруге, сондай-ақ Түркиядағы қазақтардың әлеуметтік бейімделуінің бастапқы үлгілерін сипаттауға негіз қалады [1. -546]

Түркия қазақтарының тарихын зерттеу ең алдымен түрік ғалымдарының еңбектерінен бастау алады. Бұл еңбектердің басты ерекшелігі – қазақ диаспорасын түркілік бірлік пен ортақ рухани мұраның құрамдас бөлігі ретінде қарастыруында. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Түркиядағы қазақ қауымдастығының қоғамдық өміріне, олардың тілдік, этнографиялық және рухани болмысына қатысты алғашқы жүйелі зерттеулер жарық көрді. Алғашқы болып Түркиядағы қазақ диаспорасы туралы зерттеу жүргізген ғалым Түркиядағы Анкара университетінің ғылыми қызметкері - Саадет Чағатай.

С. Чағатай 1952 жылы қазан айында Түркияға Құсайын Тәйжі жетекшілігіндегі көшіп келген 170 кісілік 2 топпен кездеседі, бұл топ Стамбулда орналасқан алғашқы қазақтар болатын. Құсайын Тәйжіден қазақтардың көш тарихы туралы, жалпы осы жердегі қазақтармен сұхбат жүргізіп мәлімет алады. Жинақталған деректер негізінде 1961 жылы «Kazakça Metinler» [5. -193] деген атпен жарияланады. Түркияға көшіп келген алғашқы шағын топ болса да, аталған зерттеуде 1135 мақал – мәтелдер, сыңсу, жұмбақтар, жар – жар, «Қыз – Жібек» – тен үзінді мен өлең үлгілерін жазып алады. Кітаптың алғы сөзінде көш тарихы баяндалады [2. -230]. Бұл еңбек қазақ тілін Батыс әлеміне ғылыми деңгейде таныстырған алғашқы іргелі еңбектердің бірі. Қазақ диаспорасының тарихнамасында да ол жанама түрде орын алады, өйткені Түркиядағы қазақ зерттелулерінің бастау көздерінің бірі осы еңбек болып табылады.

С. Чағатайдың «Kazakça Metinler» [5. -193] еңбегі қазақ тілі тарихнамасында ғана емес, жалпы қазақ диаспорасын зерттеу тарихында да ерекше маңызға ие. Ол қазақ тілін халықаралық ғылыми ортаға таныстырып, кейінгі түркітанушылардың зерттеулеріне негіз болды. Бұл еңбек тікелей көші-қон тарихына арналмағанымен, диаспораны зерттеу үшін қосалқы дереккөз қызметін атқарады. Түркияға қоныс аударған қазақтар тілін, мәдениетін сақтап қалу жолында, ең алдымен, тілдік мұраларын жүйелеуге көңіл бөлді. С. Чағатайдың жинақтаған мәтіндері қазақ диаспорасының тілдік бірегейлігін сақтап қалудағы алғашқы ғылыми қадам болды. Қазақ диаспорасын зерттеуде тек тарихи-саяси деректер ғана емес, тілдік материалдар да маңызды. Бұл тұрғыда еңбек диаспораның мәдени-рухани өмірін, тілдік келбетін сақтап көрсететін тарихи-этнолингвистикалық құжат саналады. Саадет Чағатай еңбегі арқылы қазақ тілі мен мәдениеті Түркиядағы ғылыми ортаға ғана емес,

жалпы Батыс түркітануына таныла бастады. Бұл еңбек қазақ диаспорасының халықаралық деңгейде ғылыми зерттеу нысанына айналуына ықпал еткен алғашқы басылым. Тілдік материалдарды жинақтау арқылы С. Чағатай қазақтарды Түркиядағы басқа түркі диаспораларымен салыстырып, олардың өзіндік ерекшелігін көрсетті.

Түркия қазақтары туралы жазылған келесі бір зерттеу американдық зерттеуші Милтон Кларктың «How the Kazakhs Fled to Freedom» [3. - 621] атты мақаласы 1954 жылы «National Geographic» журналында жарияланып, 2016 жылы желтоқсанда National Geographic қоғамының Қазақстандағы ресми басылымында «Бостандыққа ұмытылған қазақтар» деген атпен қазақша аударылып, жарияланды. Сонымен қатар, Милтон Кларк 1955 жылы Гарвард университетінде «Шыңжаң қазақ қоғамындағы көшбасшылық және саяси тағайындау» атты докторлық диссертациясын қорғады [9. -403]. Ол өз зерттеуінде Қытайдан қазақтардың жаппай қоныс аудару тарихын және оған қатысқан адамдардан сұхбат алып, көштің басталуына себеп болған саяси оқиғаларға да жекеше тоқталған.

Милтон Кларктың мақаласы ғылыми тұрғыдан толыққанды зерттеу болмағанымен, қазақ диаспорасы тарихының халықаралық деңгейде жария етілуіне жол ашты. Ол батыстық ғылыми қауымдастық пен оқырманға қазақ халқының ХХ ғасырдағы күрделі көші-қон тәжірибесін алғаш таныстырған маңызды дереккөз ретінде тарихнамалық мәнге ие. Бұл еңбек кейінгі кезеңдегі Godfrey Lias-тың «Kazak Exodus» (1956) [2. -230] кітабымен, сондай-ақ Еуропалық түркітанушылардың еңбектерімен мазмұндық сабақтастықта қарастырылғанын көруімізге болады.

ХХ ғасырдың орта шенінде Батыста жарық көрген еңбектердің бірі – британдық жазушы әрі журналист Godfrey Lias-тың «Kazak Exodus» (1956) [2. -230] атты кітабы. Бұл еңбек қазақ диаспорасының, әсіресе Шығыс Түркістаннан (Қытайдан) басталған көші-қон тарихын, оның саяси, әлеуметтік және мәдени астарын ашып көрсетуге арналған. Автордың шығармасы қазақ халқының тағдырлы кезеңін Батыс ғылыми және публицистикалық ортаға кеңінен таныстырған ғылыми еңбектердің бірі. Кітапта Қытайдағы Шыңжаң өлкесіндегі саяси тұрақсыздық, ұлттық азшылықтарға жасалған қысым және осыған байланысты қазақтардың жаппай қоныс аударуы негізгі тақырып ретінде қарастырылған. Автор 1930–1950 жылдар аралығындағы тарихи оқиғаларды сипаттай отырып, қазақтардың Түркияға, Үндістанға және Пәкістанға бағытталған көші-қон жолдарын баяндайды. Зерттеуде Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалыстар, коммунистік биліктің орнауы, көш жолындағы тұрмыстық қиындықтар, халықтың этникалық бірегейлігін сақтау талпыныстары, исламдық құндылықтардың қазақ қауымдастығын топтастырудағы рөліне жекеше тоқталған. Сонымен қатар, сол кезеңдегі куәгерлердің естеліктері мен ауызша деректер де қамтылуы зерттеудің тарихнамалық тұрғыдан ерекше құнды екенін көрсетеді.

Автор қазақтардың көші-қонын жалпы Орталық Азиядағы геосаяси өзгерістердің құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Кітап кейінгі түркітанушылар мен диаспора зерттеушілеріне дереккөз ретінде жиі сілтеме жасалады. Зерттеуші публицистикалық тәсілге сүйенгендіктен, ғылыми талдаудың жүйелілігі толық сақталмағандығын және Кеңестік дереккөздер қолжетімсіз болғандықтан, оқиғалардың біржақты баяндалуы байқалады және қазақ қауымының ішкі әлеуметтік құрылымы, көштің демографиялық қырлары толық ашылмай қалғандығын да көруімізге болады. Алайда, бұл кемшіліктер кітаптың ғылыми құндылығын түсірмейді себебі Godfrey Lias-тың «Kazak Exodus» [2. -230] зерттеуі Батыста қазақ диаспорасы туралы жарияланған алғашқы кешенді еңбектердің бірі болды. Еңбек ғылыми тұрғыдан толыққанды тарихи зерттеу болмаса да, ХХ ғасыр ортасындағы қазақ көші-қонының халықаралық деңгейде танылуына жол ашқан маңызды дереккөз болып қала береді. Бұл еңбек кейінгі кезеңде жарық көрген И. Сванберг [4. -210] сияқты зерттеушілердің еңбектерімен сабақтасып, қазақ диаспорасының тарихнамалық аясын кеңейткенін көруімізге болады. Аталмыш кітап 1959 жылы «Büyük Kazak Göçü»

түрік тіліне аударса [10. -127], ал 2018 жылы Қазақстанда Б. Бұхарбайдың бастамасымен «Аспантау асқан үркін көш» деген атпен қазақ тіліне аударылды [11. -288].

Godfrey Lias аталмыш еңбегін Түркияның Кайсери қаласының Девели ауданында Хүсейін Тәйжімен, Манисаның Салихлы ауданында Әлібек Хакиммен және Ыстамбұлда Сұлтан Шәріппен жүргізген сұхбаттары негізінде жазған. The Times газетінің тілшісі болған Godfrey Lias қазақтармен 1954 жылы ағылшын дипломаты Фокс Холмс және Мұхаммед Емин Бұғра таныстырған. 1940-жылдары Қытайдың Шыңжаң өлкесінің астанасы Үрімжідегі Ұлыбритания консулы қызметін атқарған Холмс қазақтарды жақсы білетін [1.-547].

Профессор Ә. Қара аталған еңбек туралы: «...Бұл кітапты Оспан батыр туралы көлемді мәлімет берген алғашқы еңбек деп айтуға болады. Онда сонымен қатар түркиялық көш жетекшілері Қалибек хакім, Хамза Шөмішбайұлы, Сұлтан Шәріп Тәйжі, Құсайын Тәйжі туралы көптеген мәліметтер берілген. Л. Годфрей 1956 жылы басылып шыққан еңбегінде Оспан батырдың балалық шағынан тұтқынға түскен 1951 ақпан айына дейінгі өмірі мен күресін жан жақты баяндайды. Әрине, кітап ол кездің яғни бұдан 50 жылдан аса уақыт алдыңғы мәліметтері тұрғысынан алып қарағанда құнды кітап. Ал, бүгінгі мәліметтері тұрғысынан онда бірқатар кемшіліктер мен қателіктердің болғаны байқалады» – дейді [12. -24].

1960–1980 жылдарды қамтитын екінші кезең қазақ диаспорасының ондаған жылға созылған көші-қон азабынан кейін Түркияға орнығып, бейбіт өмірге қол жеткізген уақытын сипаттайды. Бұл кезеңде қазақтар біртіндеп тұрақты әлеуметтік-экономикалық негіз қалыптастыра бастады: сауда-саттықпен айналысып, шағын шеберханалар ашып, кәсіпкерліктің алғашқы қадамдарын жасады және тұрғылықты жергілікті халықпен әлеуметтік байланыстарын күшейтті. Қазақ отбасыларының балалары мектептерде білім алып, жаңа ортаға бейімделу үдерісі жүйелі сипатқа ие болды. Алайда бұл кезеңде қазақтар түрік қоғамының өздері туралы жеткілікті мәліметке ие емес екенін байқады. Түрік халқы қазақтардың антропологиялық бейнесіне қарап, олардың қай этностық топқа жататынын сұрап, қызығушылық танытатын. «Қазақ» деген жауап түріктер үшін көп жағдайда беймәлім ұғым болып көрінетін, сондықтан олар қазақтарды өздері жақсы білетін татар халқымен салыстырып, жиі «татар» деп атайтын. Бұл құбылыс этнонимдік сәйкестендіру мәселесінің әлі де толық шешілмегенін және қазақтардың этникалық бейнесінің түрік қоғамында толық қалыптаспағанын көрсетеді. Кейбір жағдайларда қазақтарды орыс казактарымен шатастыру фактілері де орын алды. Осы әлеуметтік-мәдени жағдай қазақ қауымын өзіндік этникалық болмысын сақтауға және түсіндіруге итермеледі. Қазақтар өздерін көбіне «Түркістандықпыз» деп таныстыруды жөн көрді, бұл олардың ортақ тарихи-географиялық аймаққа тиесілі екендігін көрсетуге мүмкіндік берді. Осы кезеңде қазақ диаспорасы арасынан шыққан қаламгерлер қазақ халқының тарихын, мәдениетін, көші-қон себептері мен жолдарын жүйелі баяндап, кітаптар жазу қажеттілігін сезінді.

Бұл еңбектер екі негізгі мақсатты көздеді. Біріншіден, түрік қоғамына таныстыру: қазақтарды түрік оқырманына танытып, олардың тарихи тағдырын түсіндіру арқылы мәдени өзара түсіністікті қалыптастыру. Екіншіден, ұрпақ сабақтастығы: Түркияда дүниеге келіп, өсіп келе жатқан жаңа буынға ата-бабаларының тарихын, дәстүрін және көші-қон тәжірибесін жеткізу, ұжымдық жадты сақтауды мақсат етті. Мұндай шығармалар тек этнографиялық дерек қана емес, диаспоралық қауымдастықтың этникалық сәйкестігін нығайтудың құралына айналып, қазақ диаспорасының өзін-өзі тану және мәдени интеграциялау үдерістерінде маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, Шығыс пен Батыс блогы арасындағы «қырғи-қабак соғыстың» әсерімен Түркиядағы қазақтардың Кеңес Одағы құрамындағы Қазақ КСР-і және Қытай Халық Республикасына қарайтын Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына барып-қайтуына мүмкіндік болмады. Бұл жағдай жас ұрпақтың қазақ тілін, әдет-ғұрпын, тарихын ұмытуына кері ықпал етті. Осындай өкінішті

күйге түспеу үшін, атамекеннен Түркияға көштің қаһармандары тірі кезінде олардың естеліктерін жазып қалдырып, тарих пен салт-дәстүр жөнінде еңбектер жазып, оны жаңа буынға аманат ету ең өзекті міндет болды [1. - 548].

Бұл тақырып бойынша жазылған алғашқы еңбек – көші-қон жетекшілерінің бірі Әлібек Хақимнің ұлы Х. Оралтайдың «*Hürriyet Yolundaki Doğu Türkistan Kazak Türkleri*» атты еңбегі болып табылады. Бұл кітап 1961 жылы жарық көрді [7. -212]. Х. Оралтай еңбегінде қазақ тарихы мен мәдениеті туралы жалпы мәлімет бергеннен кейін, әкесі Әлібек Хақим мен оның серіктерінің көші туралы егжей-тегжейлі деректер ұсынады. Сонымен қатар, кітапта Оспан батыр мен Шығыс Түркістан уақытша үкіметінде Қаржы министрі қызметін атқарған қазақ Жанымхан қажы Тілеубайұлының саяси қызметі туралы да құнды мәліметтер бар. Бұл еңбектің екінші басылымы 1976 жылы «*Kazak Türkleri*» [13. - 285] деген атпен жарық көрді. Бұл еңбекте Х. Алтай туралы да деректер кездеседі. Кітапта Шығыс Түркістандағы (ҚХР Шыңжаң) қазақтардың XX ғасыр ортасындағы азаттық жолындағы күресі мен 1949–1952 жылдардағы қоныс аудару (Алтай–Гоби–Гималай–Кашмир–Пәкістан/Үндістан–Түркия) сипатталады. Автор саяси-қоғамдық оқиғаларды қазақ қауымының тұрмыс-салты, дүниетанымы, әдет-ғұрпы туралы этнографиялық деректермен ұштастырады.

Х. Оралтай – көші-қонға тікелей куә болған ұрпақтың өкілі (Алибек Хақимнің ұлы). Сондықтан кітаптың дереккөзі ретінде баяндау, ауызша куәліктер, көші-қон жетекшілері туралы мәліметтер басым. Бұл еңбек академиялық монографиядан гөрі тарихи шежіре бағытында жазылған. Түркістан тарихын зерттеуші түрік ғалымдары бұл зерттеулерді жиі басшылыққа алып, көп зерттеулерде сілтеме жасалған. Түркияда қазақ тарихы мен мәдениеті жөніндегі жұмыстарды шолатын зерттеулер де Х. Оралтайдың бұл кітабын негізгі дерек ретінде келтіреді. Еңбекте қазақ түркілерінің өмір салты, әдет ғұрыптары мен дәстүрлері туралы да кең ақпарат ұсынылған.

Қазақтарды түрік халқына танытуға бағытталған II кезеңдегі зерттеулер ішінде Халифа Алтайдың еңбектері ерекше орын алады. Халифа Алтай қазақтар жөнінде екеуі түрік тілінде, біреуі қазақ тіліндегі үш еңбегі жарияланды. Солардың алғашқыларының бірі – 1977 жылы шыққан «*Kazak Türklerine Ait Şecere*» [21. - 30] атты еңбегі. Мұнда Түркия қазақтарының шежірелері жинақталып, кейбір әулеттердің тегі 15–16 буынға дейін жазылған [1. - 549].

Халифа Алтайдың екінші еңбегінде автор көші-қон кезінде куә болған оқиғаларды қазақ тілінде өлең түрінде жазып қалдырған. Бұл еңбек 1980 жылы Стамбулда «*Esteliklerim / Естеліктерім*» [22] деген атпен жарық көрді. Бұл кітап Түркияда латын әліпбиімен қазақ тілінде жарық көрген алғашқы басылым ретінде ерекшеленеді. Онда Халифа Алтай қазақтардың Түркияға жасаған ұлы көшін поэзия тілімен жеткізе отырып, әсіресе Пәкістан мен Үндістандағы көшпенді кезеңдегі күндері туралы құнды деректер береді. Автордың үшінші және ең танымал еңбегі – «*Anayurttan Anadolu'ya*» [6. -475] деп аталады. Бұл кітап алғаш рет 1981 жылы Түркия Мәдениет министрлігі тарапынан басылып шықты. 1999 жылы еңбектің екінші басылымы жасалды. Онда қазақтардың әдет-ғұрыптары мен Түркияға жасаған көші кеңінен баяндалады. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, бұл кітап 1995 жылы қазақ тіліне аударылып, Алматыда жарық көрді [1. -549].

Х. Алтайдың «*Anayurttan Anadolu'ya*» [6. - 475] атты еңбегін зерттеп, 1987 жылы Еуропада ағылшын тілінде шығатын «*Acta Orientalia*» журналында мақала жариялаған шетелдік ғалымдар Ларс Йохансен мен Марк Кирхнер қазақ халқы мәдениетінің энциклопедиясы деп баға береді [16. -156]. Орталық Азияның мәселелерімен айналысатын зерттеушілер үшін мол мәліметтер беретін, осы уақытқа дейін салыстырмалы түрде қарастыратын басылым кездестірмегенін айтады. Кітаптың екінші бөлімінде қазақтардың көшпелі өмірінің негіздері мен ұлттық ерекшеліктері, көш тарихын баяндауы, қазақ тарихының құнды дереккөзі деп бағалаған.

1977 жылы Түркиядағы қазақ жазушыларының бірі Х. Ғайретолланың «*Altaylarda Kanlı Günler*» атты еңбегі жарияланды [8. - 272]. Бұл еңбек Исха Юсуф Алптекин басқаратын Шығыс Түркістан Мұхажирлер қоғамы жариялаған ұжымдық жұмыстың нәтижесі. Аталған қоғам 1960 жылы Стамбулдың Зейтинбурну ауданында Шығыс Түркістаннан келген қазақ және ұйғыр түріктері тарапынан құрылған. 1970-жылдардың ортасында қоғам құрамында арнайы комитет құрылып, Түркиядағы қазақтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу мақсатында көші-қонға жетекшілік жасаған тарихи тұлғалар мен қарт куәгерлердің естеліктерін жинады. Комитет үй-үйді аралап, көші-қонға қатысты мәліметтер, құжаттар мен фотосуреттерді жинастырды. Жазушы және журналист Хызырбек Ғайретолла осы деректер негізінде өз еңбегін жазып шықты. Еңбекте қазақтардың Түркияға қоныс аудару тарихы туралы, оқиғалардың бел ортасында болған куәгерлердің айтуына негізделген аса құнды мәліметтер берілген. Бүгінде бұл куәгерлердің көпшілігі өмірден өткен. Егер бұл еңбек жазылмаған болса, көптеген деректерге қол жеткізу мүмкін болмай қалатын еді. Кітапта көші-қон оқиғаларынан бөлек, қазақтардың әдет-ғұрыптары жөнінде де мәліметтер мол. Мысалы, онда қазақтың дәстүрлі сусыны – қымыздың жасалу тәсілі мен оның химиялық талдауы кеңінен баяндалады. Сондай-ақ еңбектің құндылығын арттыратын жайттардың бірі – Түркия қазақтарының танымал тұлғаларының фотосуреттерінің берілуі [1. - 550].

Х. Ғайретолла еңбектерінің барлығы Шығыс Түркістан (Алтай өңірі) тарихымен тығыз байланысты. Еңбектің алғашқы тарауларында Алтай қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы сипатталады. Ортаңғы бөлімдерінде Шығыс Түркістандағы саяси оқиғалар, көтерілістер (әсіресе Оспан батыр қозғалысы) мен олардың салдары баяндалады. Соңғы тарауларда босқындық тағдыр, көші-қон тарихы және қазақтардың Түркияға жету жолы айтылады. Бұл еңбекті диаспоралық жадтың маңызды куәгерлік мәтіні ретінде бағалауға болады. Қазақтардың әдет-ғұрыптары, отбасылық құрылымы, діни сенімдері туралы деректер берілуі арқылы тарихи-мәдени тұрғысынан да құнды және Алтай қазақтарының ХХ ғасырдағы күрделі тағдырын көрсететін маңызды дерек. Кітап Х.Оралтайдың «*Kazak Türkleri*» және Халифа Алтайдың «*Anayurttan Anadolu'ya*» еңбектерімен қатар, қазақ көші-қоны тарихын толықтыратын дерек ретінде қарастырылады. Автордың бұл еңбегінен басқа да «*Altay Kazaklar Doğu Türkistan'dan göçen Türkler*», «*Sömürülen Vatan Türkistan*» т.б еңбектері бар [15].

Түркиядағы қазақтар жөніндегі зерттеулердің үшінші кезеңі 1980–1993 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде зерттеушілердің назары Түркияда отырықшы өмірге бейімделіп үлгерген көшпелі қазақтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірін зерттеуге ауысты. Қазақтардың 30–40 жыл ішінде жаңа ортаға бейімделіп, сонымен бірге этникалық ерекшеліктерін сақтап қалғаны байқалды. Олар көші-қон кезіндегі ауыр күндерден кейін Түркиядағы өмір күресінде де табысқа жетіп, өз еңбектерімен күн көрді. Әсіресе ата кәсібі – тері илеу мен былғары өңдеу саласында үлкен жетістіктерге жетті.

1970-жылдардың ортасынан бастап Қазақ КСР-мен қарым-қатынас орнатылды. Кейбір қазақтар Алматыға барып, атажұртты көру мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатта ашықтық саясатын ұстануы нәтижесінде 1979 жылдан бастап Түркия қазақтарына Шыңжаңдағы туыстарына баруға рұқсат берілді. Осылайша 1930-жылдардың соңында үзілген байланыс 40 жылдан кейін қайта жанданды [1. -550].

Қазақтардың өміріндегі бұл өзгерістер швед зерттеушісі И. Сванбергтің еңбектеріне арқау болды. Ол 1979–1986 жылдары Түркия қазақтары арасында далалық зерттеу жүргізіп, олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуін, кәсіби қызметін және этникалық сәйкестігін зерттеп, кейін бұл тақырыпта бірнеше ғылыми еңбек жариялады. Швед зерттеушісі И. Сванберг жүргізген зерттеуінің нәтижесін 1989 жылы «*Kazakh Refugees in Turkey: A Study of Cultural Persistence and Social Change*» (Түркиядағы қазақ босқындары: Мәдени

тұрақтылық пен әлеуметтік өзгеріс туралы зерттеу) деген атпен Упсала қаласында ағылшын тілінде жариялады [4. - 210].

И. Сванберг еңбегінде Түркия қазақтары туралы егжей-тегжейлі мәліметтер келтіреді. Ол зерттеу барысында Түркиядағы және Түркиядан басқа елдерге қоныс аударған қазақтар туралы көлемді ақпарат беруге тырысқан. Ыстамбұл, Нигде, Измир, Маниса сияқты қазақтар қоныстанған қалаларды аралап, олардың тұрмыс-тіршілігі туралы материал жинақтаған. Сонымен қатар, Түркиядан жұмысшы ретінде Еуропаның Германия, Швеция сияқты елдеріне кеткен қазақтармен де сұхбаттар жүргізген. Зерттеу аясында Сванберг Түркия қазақтарының өміріне түрлі қырынан әсер ететін орта ретінде Тайваньға да барып, ондағы Түркістан қоғамының жетекшілерімен және жоғары оқу орындарында білім алып жүрген қазақ студенттерімен кездескен [1. - 551].

И. Сванберг қазақтардың ұлттық тағамдарына да қызығушылық таныту қажет екенін ерекше атап көрсетеді. Еңбегінде Сванберг Түркия қазақтарының Қазақстанмен байланыстарына да назар аударады. 1980-жылдардан бастап қазақтардың атажұртқа туристік сапарлармен бара бастағанын, бұл тұрғыда Еуропадағы қазақтардың көбірек мүмкіндікке ие болғанын жазады. Оның айтуынша, бұл сапарлардың нәтижесінде Түркия қазақтарының қолына қазақ мәдениетіне тән бұйымдар әсіресе домбыра, қазақ әндерінің пластинкалары, қазақ тіліндегі кітаптар мен газеттер түскен. И. Сванберг мұндай мәдени материалдарды әрбір қазақ үйінен кездестіруге болатынын және мұны Қазақстан мен Түркия қазақтары арасындағы тығыз байланыстың дәлелі деп есептейтінін айтады. Сондай-ақ, Түркия қазақтарының жетекшілерінің бірі Дәлелхан Жаналтайдың бұл байланыстарды дамытуға күш салғанын, айналасындағыларды Қазақстанға барып, қазақ мәдениеті мен өмірін көруге шақырғанын атап өтеді [4.- 175]. И. Сванберг еңбегінің кейбір бөлімдері орыс тіліне аударылып, Алматыда жарық көрді [23. - 456].

Төртінші кезеңде Түркия қазақтарын зерттеген тағы бір ғалым – неміс зерттеушісі Марк Кирхнер болды. Түрік тілі мен әдебиеті саласында еңбек еткен Кирхнер Түркия қазақтарының тілдік ерекшеліктерін өзінің докторлық диссертациясының тақырыбы етіп алды. Ол “*Phonologie des Kasachischen: Untersuchung Anhand von Sprachaufnahmen aus der Kasachischen Exilgruppe in Istanbul*” (Қазақ тілінің фонологиясы: Ыстамбұлдағы қазақ босқындарынан жазып алынған әңгімелер негізіндегі зерттеу) атты зерттеуін жүргізді [18. - 196].

1989 жылы «The Kazaks of China Essays on an Ethnic Minority» Линда Бенсон мен Ингвар Сванбергтің редакциясымен шыққан кітапта Сванберг И. «Kazak Refugees in Turkey», Марк Кирхнер «The language of the kazaks form Xinjiang: a text sample» атты бөлімдерде Халифа Алтайдың еңбектеріне сілтеме жасайды [17. - 250]. И. Сванберг ХХ ғасырда өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап қалған Түркияда тұратын қазақ диаспорасын зерттеп, сұхбаттар жүргізген Х. Алтаймен бірнеше рет кездесіп, мәліметтер алған. Ал, Марк Кирхнер қазақ тілін зерттеуші ретінде 1984 жылы Х. Алтайдан көш тарихын таспаға жазып, мәтін арқылы «Шыңжаң қазақтарының» қазақ тілі үлгісін талдаған. Түрік ғалымы А. Ержиласунның «Mogolistan ve Çin Günluğü / қазақ. ауд. Моңғолия мен Қытай күнделігі» еңбегінде Х.Алтаймен Моңғолияда 1990 жылы қыркүйек айында Низамның отбасында кездескені айтылады. Моңғолиядағы сапары кезінде жергілікті халықтың Х. Алтайды құрметтейтіндігі туралы жазады [16. - 156].

1992–1993 жылдары М. Кирхнер «Қазақ тілінің фонологиясы. Стамбулдағы эмигрант қазақ топтарының жазбалары негізінде оқу» және «Қазақ мақалдары» атты еңбектерін жазуда Стамбулда 1990 жылдың сәуірінен бастап, Х. Алтаймен және де басқа қазақ диаспорасы өкілдерімен сұхбат жүргізіп, мәліметтер жинаған. Кейін ол өзінің ғылыми жұмысының сәтті шығуына байланысты Х. Алтайға алғысын білдіре отырып, алған мәліметтердің құндылығын және оны қазақ мақал – мәтелдерін талдаудың білгірі екенін атап өтеді [18. - 196].

Кирхнер орыс, араб, парсы, түрік, ағылшын және француз тілдерін білген, зерттеу барысында қазақ тілін де жоғары деңгейде меңгеріп, қазақша еркін сөйлейтін дәрежеге жетті. Оның қазақ тілінде таза сөйлеуі Түркиядағы кейбір қарт қазақтарды таңдандырды. Докторлық зерттеуін жүргізу кезінде Түркия қазақтары арасынан жинаған қазақтың мақал-мәтелдерін Қазақстанда жарияланған жинақтармен салыстырып зерттеу жасады. Осы жинақталған материалдарды неміс тіліне аударып, 1993 жылы “*Sprichwörter der Kasachen*” (Қазақ мақал-мәтелдері) атты еңбегін жариялады [24. - 196]. Бұл еңбекте зерттеуші мыңға жуық қазақ мақал-мәтелін неміс тіліндегі түсіндірмелерімен бірге ұсынды.

Түркия қазақтарына қатысты зерттеулердің төртінші кезеңі Қазақстанның Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алуымен тығыз байланысты. Қазақстан мен Түркия қазақтарының арасындағы тікелей байланыстар тек тәуелсіздіктен кейін ғана орнады. Бұған дейін Қазақстаннан тыс, әсіресе Еуропадағы қазақтар туралы зерттеу жүргізу немесе ақпарат тарату мүмкін емес еді. Бұл жағдай Қазақстан тәуелсіздігін алған соң өзгерді. Қазақстандық жазушылар мен журналистер Түркияға жасаған сапарларында мұндағы қазақтарға ерекше қызығушылық танытты. Олар көрген-білгендерін, алған әсерлерін Қазақстанда газет-журнал беттерінде жариялады. Осылайша Қазақстан қоғамы Түркия қазақтары туралы алғашқы мәліметтерге қол жеткізді. Дегенмен бұл жарияланымдар көбіне мақала және қысқа хабар деңгейінде болды. Тақырып бойынша Қазақстандық зерттеушілердің толыққанды монографиялық еңбектер жазуы кейінгі жылдарда ғана қолға алынды [1. - 552].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасымен тығыз байланыс орнатуға ұмтылған Түркия қазақтары, Қазақстанда өздері туралы жеткілікті ақпараттың жоқ екенін аңғарды. Бұл жағдай Түркиядағы қазақ жазушыларын Қазақстан жұртшылығына Түркия қазақтарын таныстыру мақсатында қазақ тілінде шығармалар жазуға итермеледі.

Бұл бағытта алғашқы қадамды Хасан Оралтай жасап, «*Елім - айлап өткен өмір*» [14. - 632] атты еңбегін 1999 жылдың наурыз айында жариялады. Ыстанбұлдағы Түрік Dünüası Araştırmaları Vakfı (Түркі әлемін зерттеу қоры) тарапынан жарық көрген бұл еңбекте автор өз көзімен көрген және басынан кешкен оқиғаларын баяндайды. Еңбекте Шығыс Түркістан қазақтарының Қытайға қарсы көтерілістері, көші-қон кезінде әкесі Әлібек Хаким төңірегінде болған оқиғалар, сондай-ақ Түркияға қоныстанғаннан кейін жаңа ортаға бейімделу кезінде кездескен қиындықтар егжей-тегжейлі суреттеледі. Сонымен қатар, Х. Оралтай кітабында 1968–1995 жылдар аралығында 27 жыл жұмыс істеген «Азаттық» радиосының Қазақ қызметіне байланысты естеліктерін де келтіреді.

1996 жылы Стамбулда З. Селви, М. Тәйжі, Ә. Қараның «Шығыс Түркістаннан келген қазақтар және Осман Таштан» [19. - 66] атты кітабы шықты. Онда Осман Таштанның 1949 жылы Пешаверде құрылған «Шығыс Түркістан қазақтар қауымдастығының президенті, осы қауымдастықтың хатшысы болып Х. Алтай тағайындалғаны баяндалады. Сонымен қатар, Х. Алтайдың «Anayurttan Anadoluya» кітабы, көш тарихы туралы негізгі деректер жинақталған еңбектің бірі екені жазылған. Көлемі жағынан аз көрінгенмен, Түркиялық қазақ диаспорасының өкілдерінің екінші буыны жазған алғашқы еңбектердің қатарында.

1998 жылы Түркия дін істері басқармасының Анкарада жарық көрген «Түркияда болған түркі тұлғалары» атты кітабында Түркияда өмір сүрген Заки Валиди Тоған, Тахир Шағатай, Сағдат Шағатай, Алибек Хакім т.б. зиялылардың, ғалымдардың өмір тарихы мен еңбектері берілген. Олардың қатарында Х. Алтайда бар. Оның кітаптарынан үзінділер жарияланып, оған «Түркі әлемінің ғұламасы» деген баға берілді [20. - 333].

Түркия қазақтарының тағы бір көрнекті жазушысы – Халифа Алтай. Оның қазақ тілінде жазған «*Алтайдан ауған ел*» атты еңбегі 2000 жылы Алматыда жарық көрді [25. - 272]. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1992 жылы Алматыға көшіп келген Халифа Алтай бұл еңбегін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Бөке батырдың күрес жолынан бастайды. Кейін ол Шығыс Түркістандағы қазақ ұлттық

қозғалыстары туралы баяндап, қазақтардың Елісхан Тәйжі мен Зәйіп Тәйжі басшылығымен Үндістанға жасаған ұлы көші туралы егжей-тегжейлі деректер береді [1.- 553] Аталған еңбекте 1941–1952 жылдары қазақтардың Үндістан мен Пәкістандағы мұһажирлік күндері туралы аса құнды мәліметтер беріледі. Кітаптың соңғы бөлімінде қазақтардың Түркиядағы өмірі, олардың құрып, дамытқан қауымдастықтары мен қоғамдық ұйымдары, атап айтқанда қоғамдық ұйымдары мен қорларының қызметі туралы кеңінен қарастырылған.

2000 жылы Алматыда қазақ тілінде жарық көрген екінші кітаптың авторы – Дәлелхан Жаналтай. Ол 1949 жылы Шығыс Түркістанда құрылған Уақытша Ұлттық Үкіметтің қазақ мүшесі әрі қаржы министрі болған Жанымхан қажы Тілеубайұлының ұлы. Дәлелхан Жаналтай бұл еңбегін естелік түрінде жазып, «*Қиын заман – Қиын күндер*» [26. - 160]. Оның еңбегінде қазақтың қаһарман тұлғаларының бірі – Оспан батыр Исламұлы туралы осы уақытқа дейін еш жерде жарияланбаған құнды деректер беріледі. Осы тұрғыдан алғанда бұл еңбек Қытайдағы қазақтардың жақын тарихының әлі зерттелмей келген тың ақпараттар ұсынады. Сонымен қатар, автор 1970-жылдардың басында Ыстамбұлдың Гүнешли ауданында «Қазақ кенті» атты қазақ қонысының құрылуына қалай бастамашы болғанын терең баяндап береді. Кітаптың соңғы бөлімінде берілген отызға жуық тарихи фотосуреттер еңбектің құндылығын арттыра түседі [1. - 553].

Түркия қазақтарының бұл кезеңге жататын тағы бір зерттеудің бірі Әбдіуақап Қараның редакторлығымен 2008 жылы жарық көрген «*Азаттықтың өшпес рухы: Нұрғожай батырдың естеліктері және Оспан батыр*» [27. -258] атты еңбек. Еңбекте Шығыс Түркістан қазақтарының ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан тұлғалардың бірі Нұрғожай батырдың естеліктері ғылыми айналымға енгізілген. Сонымен қатар, Кеңес–Қытай–Моңғол қатынастары, 1930–1940 жылдардағы Алтай көтерілістері, Есімхан қозғалысы және Оспан батырдың қарулы күресі жан-жақты сипатталады. Бұл материалдар аймақтағы ұлттық қозғалыстардың динамикасын және геосаяси күштердің ықпалын талдауға мүмкіндік береді. Нұрғожай батырдың естеліктері тек жеке тұлғаның тағдырын емес, ХХ ғасырдың орта шеніндегі Шығыс Түркістан қазақтарының саяси-әлеуметтік ахуалын, азаттыққа деген ұмтылысын, ішкі қайшылықтары мен сыртқы қысымдарын кешенді түрде көрсетеді. Автордың баяндауында Оспан батырдың бейнесі жаңа қырынан ашылады: ол тек қарулы күрескер ғана емес, заманның күрделі саяси жағдайын терең түсінген, халқының болашағы үшін жауапты шешімдер қабылдаған көшбасшы ретінде сипатталады.

Еңбектің ғылыми құндылығын арттыратын маңызды жайт – оның қазіргі ғылыми редакциядан өткізіліп, салыстырмалы деректер негізінде толықтырылуы. Әбдіуақап Қара мәтінді араб жазуынан қазіргі әліпбиге түсіріп, қайталанатын жерлерін қысқартып, мазмұнын бұрмаламай сақтаған. Сонымен бірге, оқиғаларды түрлі дереккөздермен салыстыра отырып, ғылыми сын тұрғысынан талдаған. Осылайша, Нұрғожай батырдың естеліктері ауызша дәстүр үлгісінен сенімді тарихи дереккөз деңгейіне көтеріліп, зерттеушілер үшін құнды материалға айналды [27. -258].

Ауызша деректерге сүйене отырып жазылған маңызды еңбектердің бірі – «*Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері)*» атты зерттеу [28. -136]. Еңбекте Қожан Секейұлының жеке естеліктері жүйелі түрде жинақталып, тарихи дерек ретінде ғылыми айналымға енгізілген. Автор 2004 жылы Ыстамбұлда ақсақалдың әңгімесін төрт күн бойы ұнтаспаға жазып алып, мәтінді ғылыми редакциядан өткізіп, деректанулық түсініктемелер қосқан. Дауыс жазбасы толық мәтінге түсіріліп, қайталанулар мен сұрақ-жауаптар қысқартылғанымен, мазмұн бұрмаланбай сақталған. Зерттеу ауызша тарих (oral history) әдіснамасына сүйеніп жасалған және дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау арқылы тарихи шындықты қалпына келтіруге бағытталған. Автор түсіндірмелер мен библиографиялық көрсеткіштер қосып, мәтіннің ғылыми құндылығын арттырған. Қожан

Секейұлы көштің тікелей қатысушысы әрі жетекшісі болғандықтан, бұл еңбек ХХ ғасырдағы қазақтардың ұлы көшін көзбен көрген куәгердің баяны ретінде ерекше құнды.

Кітапта көші-қон бағыттары, саяси және әлеуметтік себептер, көш барысындағы қиындықтар мен Түркияға қоныстанғаннан кейінгі бейімделу үдерістері жан-жақты сипатталады. Алтай, Баркөл, Үрімжі өңірлеріндегі қазақтардың ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси, мәдени, діни және шаруашылық өмірі туралы тың деректер ұсынылады. Сонымен қатар Қасым батыр, Жаһия молла, Шәріпхан төре сияқты тұлғалардың қызметі жөнінде бұрын жарияланбаған мәліметтер қамтылған. Зерттеу тек тарихи тұрғыдан ғана емес, тілдік-мәдени тұрғыдан да құнды. Мәтінде қазақтардың дәстүрлі сөйлеу үлгілері мен синтаксистік құрылымдары сақталған, бұл қазіргі оқырманға ХХ ғасырдың орта шеніндегі Шығыс Түркістан қазақтарының тілдік болмысын тануға мүмкіндік береді. Осылайша, еңбек қазақ диаспорасы тарихының маңызды дереккөзі болып қана қоймай, ұлттық жадты жаңғыртуға және миграциялық, этнографиялық, тілтанымдық зерттеулерге үлес қосады [28. -136].

Осы еңбектерді толықтырып тұрған тағы бір еңбек Абдуррахман Четиннің «Өмір жолымдағы соңғы көш» атты автобиографиялық еңбегі [29. -664]. Аталмыш зерттеу қазақ диаспорасының тарихнамасында тек қана жеке естелік ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық жадты, ұлттық бірегейлікті және тарихи сананы жеткізетін маңызды дереккөз ретінде бағалануға тиіс. Еңбектің басты ерекшелігі – автордың өзі куә болған оқиғаларды отбасы үлкендерінен жеткен деректерді ұштастыра отырып баяндауында. Осы тұрғыдан алғанда, бұл шығарма қазақтың ауызша тарих дәстүрінің қуатты үлгісі болып саналады және қазақ көші-қоншыларының жеке әрі ұжымдық тәжірибелерін жазбаға түсіріп, дәріптеуге қызмет етеді.

Кітапта қазақ көш қозғалысының ұлы тұлғалары – Зуха батыр мен Сұлтаншәріп тәйжі туралы мәліметтердің кеңінен қамтылуы оның тарихи маңызын арттыра түседі. Зуха батыр – автордың атасы болғандықтан, әулеттік жадта айрықша орынға ие. А. Четиннің баяндауында Зуха батырдың балалық және жастық шағы, діни көзқарастары, қоғамдағы беделі, ең бастысы – ұлт-азаттық күресі егжей-тегжейлі көрсетіледі. А. Четиннің естеліктері көштің тек саяси қырымен шектелмей, оның адамдық және эмоциялық салдарын да жан-жақты сипаттайды. Жазушының бала кезінде көрген жетімдік қасіреті, аштық пен аурулар, шөл және ұзақ сапардың ауыртпалықтары, әртүрлі халықтармен болған кездесулері – бұлардың барлығы қазақ диаспорасының көші-қон тарихына тірі куәлік ретінде қосылады. Автордың жеке өміріндегі ауыр қайғыларды баяндауы – тарихты тек оқиға ретінде ғана емес, ұрпақ санасына із қалдырған өмірлік тәжірибе ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Еңбекте қазақтардың мәдениеті мен салт-дәстүрінің де көш кезінде қалай сақталғаны кеңінен көрініс табады. Қонақжайлылық дәстүрі, қымыз ішу, жылқы етін пайдалану сияқты тұрмыс мәдениеті ең қиын кезеңдерде де жалғастырылған. А. Четиннің шығармасын кейінгі жас ұрпақ үшін жазғанын атап өтуі – еңбектің тәлімдік және тәрбиелік қырын да көрсетеді. Кітаптағы маңызды тұстардың бірі – диаспоралық ұйымдардың құрылуы мен дамуы. Германиядағы «Қазақ түркілері» қоғамы, Түркиядағы қазақ қауымдастықтарының ұйымдасқан әрекеттері – қазақ диаспорасының ұжымдық өзін-өзі тануына және ұлттық сананың жаңғыруына нақты үлес қосқанын дәлелдейді. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін диаспора мен атамекен арасындағы байланыстардың нығаюы, Дүниежүзі қазақтары құрылтайының жұмыстары тарихи кезеңнің маңыды бөлігі ретінде сипатталады. Автор қазақ диаспорасының күрделі тарихын, ұлы тұлғаларының мұрасын, көші-қон жолындағы ауыр сынақтарды және мәдени бірегейлікті сақтап қалу жолындағы табандылығын тұтас қамтитын, әрі болашақ зерттеулерге бағдар бола алатын бірегей дереккөз болып табылады. Аталмыш еңбек 2022 жылы «Өмір жолымдағы соңғы көш» деген

атпен (жауапты ред. Б. Бұқарбай; ред. Н. Қалкенбаева) жарыққа шыққан болатын [30. -557]. 2024 жылы Түркия жазушылар академиясының арнайы жүлдесіне ие болды.

Жоғарыда айтылғандай Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихына қатысты жүргізілген зерттеулердің басым бөлігі Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы ұйымдастырған конференция материалдары негізінде жарық көрген. Ал дербес кітап немесе монография түріндегі қазақ тілді еңбектер әлі де жеткіліксіз. Жарияланған мақалалар мен жинақтар негізінен Моңғолия, Қытай, Ресей және Өзбекстандағы қазақтарға арналса, Иран, Қырғызстан, Түркия қазақтары жөніндегі зерттеулер өте шектеулі. Еуропа қазақтарына қатысты жүйелі еңбектер мүлде жоқтың қасы. Бұл жағдай қазақ диаспорасын тұтастай қамтитын кешенді әрі салыстырмалы зерттеулердің қажеттілігін айқын көрсетеді.

Қорытынды

Жинақталған деректер мен салыстырмалы талдау нәтижелері көрсеткендей, бұл мәселені зерттеуде екі түрлі ғылыми мектептің Батыс пен түрік тілді зерттеушілерінің еңбектерінде сан қырлы сипатқа ие екенін көрсетті. Батыстық авторлар (М. Кларк, Г. Лиас, И. Сванберг, Л. Йохансен, М. Кирхнер және т.б.) қазақтардың Түркияға көшуін негізінен миграциялық, этнографиялық және әлеуметтік бейімделу тұрғысынан қарастырып, қазақ диаспорасын жаһандық көші-қон қозғалысының бір бөлігі ретінде сипаттайды. Олардың еңбектерінде қазақтардың босқындық тағдыры, әлеуметтік ортаға бейімделу ерекшеліктері, этникалық және діни бірегейлігін сақтау мәселелері нақты деректер негізінде терең талданады. Бұл еңбектер халықаралық деңгейде қазақ диаспорасы туралы ғылыми ақпараттың таралуына жол ашып, оны әлемдік миграциялық зерттеулер арнасына енгізді десек болады.

Түркиялық қазақ диаспорасының өкілдері (Х. Алтай, Х. Оралтай, Қ. Ғайротолла және т.б.) қазақ көші-қонын түркі халықтарының ортақ тарихи-мәдени мұрасының жалғасы ретінде қарастырады. Бұл еңбектерде куәгерлік сипаттағы деректер басым болып, көші-қонға қатысқан немесе оған куә болған азаматтардың естеліктері ғылыми еңбекке қарағанда, әдеби-публицистикалық негізде ұсынылған. Мұндай деректерде тарихи оқиғалардың әлеуметтік-психологиялық қырлары, жеке тағдырлар мен ұжымдық жадқа әсері көрініс табады. Аталған зерттеулер академиялық зерттеулердің әдіснамалық талаптарына толық сәйкес келмесе де, диаспора тарихын жан-жақты түсінуге, көштің ішкі атмосферасын, тұрмыстық және рухани болмысын ашып көрсетуге құнды дереккөз болып табылады.

Салыстырмалы тұрғыда алғанда, Батыс зерттеулері қазақ көші-қонының сыртқы қырларын, әлеуметтік және саяси-тарихи себептерін ашып көрсетсе, түрік зерттеулері оның мәдени-рухани жалғастығын, этникалық тұтастықты сақтаудағы маңызын алға тартады. Бұл екі ғылыми мектептің үйлесуі Түркия қазақтарының тарихын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді.

Түркия қазақтарының тарихнамасы тек қана өткеннің шежіресі емес, қазіргі диаспорология ғылымының да жаңа әдіснамалық бағыттарын айқындайтын құнды зерттеу саласы болып табылады. Қазақ диаспорасы тарихын зерттеуде Батыс пен түрік тілді зерттеулер бір-бірін толықтырып, отандық тарих ғылымына да маңызды дереккөз қызметін атқаруда. Осы тұрғыдан алғанда, бұл тақырыпты жан-жақты әрі салыстырмалы тұрғыдан зерделеу қазақ тарихнамасының өзекті бағыттарының бірі ретінде болашақта да ғылыми мәнін жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Kara A. Türkiye’de Kazaklar Hakkında Araştırmalar.Orta Asya’dan Anadolu’ya Türk Sanatı ve Kültürü. Proje Nejat Diyarbakirli’ye Armağan. Editörler Yaşar Çoruhlu Nalan Türkmen Nuri Seçgin Anıl Yılmaz. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları. 2006. – 554 b.
2. Lias G. Kazak Exodus. Publisher: Evans Brothers Limited, - London. – 1956. - 230 p.

3. Clark, Milton J. How the Kazakhs Fled to Freedom. National Geographic Magazine 106, no. 5, 1954.621 b.
4. Ingvar Svanberg. Kazakh Refugees in Turkey: A Study of Cultural Persistence and Social Change. - Uppsala. -1989, - 210 b.
5. Çağatay S. Kazakça Metinler. - Ankara, Türk tarih kurumu. 1961. - 193 b.
6. Altay H. Anayurttan Anadolu'ya. - Ankara. Kültür Bakanlığı Yayınları. 1981. – 475 b.
7. Oraltay H. Hürriyet Yolundaki Doğu Türkistan Kazak Türkleri. - İstanbul, 1961. - 212 b.
8. Gayretullah H. Altaylarda Kanlı Günler. – İstanbul, 2017. – 272 b.
9. Clark, Milton J. Leadership and political allocation in Sinkiang kazak society:doc. of philos.– Massachusetts: Harvard University Cambridge, 1955. – 403 b.
10. Lias G. Büyük Kazak Göçü (Kazak Exodus), Çev. Türkay. Lenger, Nebioğlu Yayınevi, İstanbul, 1960. – 127 b.
11. Лайас Г. Аспантау асқан үркін көш/ ағыл.тіл. ауд. Б.Бұқарбай. - Алматы: AmalBooks, 2018. - 288 б.
12. Қара Ә. Оспан батыр туралы ғылыми зерттеулер және шетел ғалымдарының пікірлері //Азаттықтың өшпес рухы: арнал. Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл. халық. ғыл.-тәжір. конф. – Алматы, 2010. - 24-34 бб.
13. Oraltay H. Kazak Türkleri: Hürriyet Uğruna Doğu Türkistan. Ankara: Türk Kültür Yayınları, 1976. - 285 b.
14. Oraltay H. Elim-aylap Ötken Ömir. - İstanbul, 1999.- 632 b.
15. Hızırбек Gayretullah. Milli Düşünce Merkezi. [Электронды ресурс] – URL: <https://millidusunce.com/hizirbek-gayretullah-vefat-etti/> (қараған күні 16.01.2025)
16. Ercilasun A.B. Mogolistan ve Çin Günluğü. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi. - 1991. - 156 b.
17. Benson L., Svanberg I. The Kazaks of China: essays on an Ethnic Minority.– Uppsala:Studia Multiethnica Upsaliensia. - 1988. - 250 b.
18. Kirchner M. Phonologie des Kasachischen. Untersuchungen anhand von Sprachaufnahmen aus der kasachischen Exilgruppe in Istanbul. – Wiesbaden: Harrassowitz . - 1992. - 196 b.
19. Selvi Z., Teyci M., Kara A. Kazakların Doğu Türkistan'dan ve Osman Taştan. – İstanbul:Kazak Türkleri vakfı yayını. - 1996. - 66 b.
20. Yaman E., Esatoğlu A., Bolaç A.K. Türkiye'deki Türk Dünyası. – Ankara. 1998. – 333 b.
21. Altay H. Kazak Türklerine Ait Şecere, İstanbul, 1977. – 30 b.
22. Altay H. Estelikterim. İstanbul. - 1980. – 192 b.
23. Сванберг И. Казахские беженцы в Турции. Исследование по культурному выживанию в условиях социальных перемен. Алматы: Санат, 2005. 456 б.
24. Kirchner M. Sprichtwörter der Kasachen. – Wiesbaden, 1993. – 196 p.
25. Алтай Х. Алтайдан ауған ел. - Алматы, 2000. – 272 б.
26. Жаналтай Д. Қилы заман — Қиын күндер. – Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. – 160 б.
27. Қара Ә. (ред.). Азаттықтың өшпес рухы: Нұрғожай батырдың естеліктері және Оспан батыр. - Астана, 2008. - 258 б.
28. Қара Ә. Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері). – Алматы: «Орхон» баспасы. - 2016. - 136 б.
29. Çetin A. Ömür Yolumdaki Son Göç. İstanbul: Bilge Oğuz Yayınları. - 2012. – 664 b.
30. Четин А. Өмір жолымдағы соңғы көш (жоба жетекшісі, жауапты ред. Б. Бұқарбай; ред. Н. Қалкенбаева). – Алматы: AmalBooks. - 2022. - 557 б.

ИСТОРИОГРАФИЯ КАЗАХОВ В ТУРЦИИ: НАУЧНЫЕ ИНТЕРПРЕТАЦИИ В ЗАПАДНЫХ И ТУРЕЦКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Аннотация

В представленной статье историография казахской диаспоры анализируется в контексте исторической судьбы казахов, переселившихся в Турцию. Цель исследования заключается в выявлении политических, социальных и культурных аспектов истории диаспоры на основе анализа источников и научных трудов, а также в сопоставлении методологических подходов западных и турецких исследователей и систематизации их научных концепций, посвящённых казахской миграции и практикам сохранения национальной идентичности. В качестве основных источников привлечены труды западных ученых и исследования, написанные на турецком языке, где их методологические позиции и содержательные направления подвергнуты сравнительному анализу. Западная историография трактует казахскую диаспору преимущественно в рамках глобальных миграционных процессов и в свете миграционных теорий, тогда как турецкая научная традиция интерпретирует её как историко-культурное продолжение тюркского мира.

В исследовании также включены нарративные свидетельства – мемуары и воспоминания непосредственных участников миграции или её очевидцев. Несмотря на их литературно-публицистический характер, данные источники предоставляют ценный эмпирический материал для реконструкции социально-психологического облика диаспоры и её роли в исторической памяти. Эти данные расширяют возможности комплексного осмысления истории казахской диаспоры.

Результаты исследования показывают, что сопоставительный анализ западных и турецких исследований создаст условия для целостного изучения политических, социальных и культурных аспектов истории казахской диаспоры.

Ключевые слова: казахская диаспора, историография, казахи в Турции, миграция, Восточный Туркестан.

HISTORIOGRAPHY OF KAZAKHS IN TURKEY: SCIENTIFIC INTERPRETATIONS IN WESTERN AND TURKISH RESEARCH

Abstract

The study aims to investigate the historiography of the Kazakh diaspora based on the historical experience of Kazakhs who migrated to Turkey. The primary objective is to identify the political, social, and cultural dimensions of diaspora history, to compare the methodological approaches of Western and Turkish scholars, and to systematize their academic interpretations concerning Kazakh migration and practices of preserving national identity. The research relies on a wide range of sources, including Western scholarly works and studies written in Turkish. These materials were analyzed comparatively to highlight methodological orientations and conceptual frameworks. In addition, narrative sources such as memoirs and testimonies of direct participants or eyewitnesses of migration were examined. Although these sources are often of literary and publicistic character, they provide significant empirical evidence for reconstructing the socio-psychological identity of the diaspora and its representation in historical memory. The findings reveal that Western historiography generally interprets the Kazakh diaspora within the framework of global migration processes and migration theories, whereas Turkish scholarship tends to conceptualize it as a historical and cultural continuation of the Turkic world. The incorporation of eyewitness accounts and personal recollections expands the scope of the research, enabling a deeper understanding of the diaspora's socio-cultural and historical context. The comparative analysis of Western and Turkish research facilitates a more comprehensive examination of the political, social, and cultural aspects of Kazakh diaspora history. This integrative approach contributes to the development of a nuanced historiographical framework that reflects both global and regional perspectives on the Kazakh migration experience and the preservation of national identity in the diaspora.

Keywords: Kazakh diaspora, historiography, Kazakhs in Turkey, migration, East Turkestan

REFERENCES

1. Kara, A. *Türkiye'de Kazaklar Hakkında Araştırmalar. Orta Asya'dan Anadolu'ya Türk Sanatı ve Kültürü. Proje Nejat Diyaftibeirdli'ye Armağan* [Research on Kazakhs in Turkey. Turkish Art and Culture from Central Asia to Anatolia: Festschrift for Prof. Nejat Diyarbekirli]. Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2006. - 554 p. [in Turkish]
2. Lias, G. *Kazak Exodus*. London: Evans Brothers Limited, 1956. - 230 p.
3. Clark, M. J. *How the Kazakhs Fled to Freedom. National Geographic Magazine* 106, no. 5, 1954. - 621 pp.
4. Svanberg, I. *Kazakh Refugees in Turkey: A Study of Cultural Persistence and Social Change*. Uppsala, 1989. - 210 p.
5. Çağatay, S. *Kazakça Metinler* [Kazakh Texts]. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1961. - 193 s. [in Turkish]
6. Altay, H. *Anayurttan Anadolu'ya* [From the Ancestral Land to Anatolia]. Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, 1981. - 475 p. [in Turkish]
7. Oraltay, H. *Hürriyet Yolundaki Doğu Türkistan Kazak Türkleri* [The Kazakh Turks of East Turkistan on the Road to Freedom]. İstanbul, 1961. - 212 p. [in Turkish]
8. Gayretullah, H. *Altaylarda Kanlı Günler* [Bloody Days in the Altay]. İstanbul, 2017. - 272 p. [in Turkish]
9. Clark, M. J. *Leadership and Political Allocation in Sinkiang Kazak Society*. Ph.D. Dissertation. Massachusetts: Harvard University, 1955. - 403 p.
10. Lias, G. *Büyük Kazak Göçü* [Kazakh Exodus]. Trans. Türkay. Lenger. İstanbul, 1960. 127 p. [in Turkish]
11. Lias, G. *Aspantau Asqan Urkın Kosh* [The Great Exodus Over Aspantau]. Trans. B. Bukhurbay. Almaty: AmalBooks, 2018. - 288 p. [in Kazakh]
12. Qara, A. *Ospan Batyr Turaly Gylymi Zertteuler Jäne Shetel Ğalymdarynyń Pikirleri* [Scientific Studies on Ospan Batyr and Opinions of Foreign Scholars]. In: *Azattyqtyń Öşpes Ruhı*, Almaty, 2010. - 24–34 pp. [in Kazakh]
13. Oraltay, H. *Kazak Türkleri: Hürriyet Uğrunda Doğu Türkistan* [The Kazakh Turks: East Turkistan in the Struggle for Freedom]. Ankara: Türk Kültür Yayınları, 1976. - 285 p. [in Turkish]
14. Oraltay, H. *Elim-aylap Otken Omir* [A Life Spent Worrying for the Nation]. İstanbul, 1999. - 632 p. [in Kazakh]

15. Hızırбек Gayretullah. *Milli Düşünce Merkezi*. [<https://millidusunce.com/hizirbek-gayretullah-vefat-etti/>] (accessed 16.01.2025). [in Turkish]
16. Ercilasun, A. B. *Mogolistan ve Çin Günlüğü* [Diary of Mongolia and China]. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1991. - 156 p. [in Turkish]
17. Benson, L., Svanberg, I. *The Kazaks of China: Essays on an Ethnic Minority*. Uppsala: Studia Multiethnica Upsaliensia, 1988. - 250 p.
18. Kirchner, M. *Phonologie des Kasachischen: Untersuchungen anhand von Sprachaufnahmen aus der kasachischen Exilgruppe in Istanbul* [Phonology of Kazakh: Studies Based on Recordings from the Kazakh Exile Group in Istanbul]. Wiesbaden: Harrassowitz, 1992. - 196 p. [in German]
19. Selvi, Z., Teyci, M., Kara, A. *Kazakların Doğu Türkistan'dan ve Osman Taştan* [Kazakhs from East Turkistan and Osman Taştan]. İstanbul: Kazak Türkleri Vakfı Yayını, 1996. - 66 p. [in Turkish]
20. Yaman, E., Esatoğlu, A., Bolaç, A. K. *Türkiye'deki Türk Dünyası* [The Turkic World in Turkey]. Ankara, 1998. - 333 p. [in Turkish]
21. Altay, H. *Kazak Türklerine Ait Şecere* [Genealogy of the Kazakh Turks]. İstanbul, 1977. - 30 p. [in Turkish]
22. Altay, H. *Estelikterim* [My Memoirs]. İstanbul, 1980. - 192 p. [in Kazakh]
23. Svanberg, I. *Kazakhskie bezhentsy v Turtsii: Issledovanie po kul'turnomu vyzhivaniyu v usloviyakh sotsial'nykh peremen* [Kazakh Refugees in Turkey: A Study of Cultural Survival under Conditions of Social Change]. Almaty: Sanat, 2005. - 456 s. [in Russian]
24. Kirchner, M. *Sprichwörter der Kasachen* [Proverbs of the Kazakhs]. Wiesbaden, 1993. -196 p. [in German]
25. Altay, H. *Altaydan Auğan El* [The People Who Fled from the Altay]. Almaty, 2000. -- 272 p. [in Kazakh]
26. Janaltay, D. *Qily Zaman — Qiyın Kunder* [Troubled Times — Hard Days]. Almaty: Dunie Zhuzi Qazaqtarynyn Qauymdastygy, 2000. - 160 p. [in Kazakh]
27. Qara, A. (ed.). *Azattyqynın Öşpes Ruhı: Nurğojay Batyrdyń Estelikteri jáne Ospan Batyr* [The Immortal Spirit of Freedom: Memoirs of Nurgozhay Batyr and Ospan Batyr]. Astana, 2008. - 258 p. [in Kazakh]
28. Qara, A. *Qazaqtardyn Turkiyaga Koshi (Qojan Wazir Aqsaqaldyn Awızsa Derekeri)* [The Migration of the Kazakhs to Turkey (Oral Testimonies of Qojan Wazir Aksakal)]. Almaty: Orkhon Baspasy, 2016. - 136 p. [in Kazakh]
29. Çetin A. *Ömür Yolumdaki Son Göç* [The Last Migration of My Life]. İstanbul: Bilge Oğuz Yayınları, 2012. - 664 p. [in Turkish]
30. Çetin A. *Ömür jolymdagy songy kosh [The Last Migration in My Life Journey]* (project leader and Executive Ed.B. Bukarbay; Ed. N. Kalkenbayeva). – Almaty: AmalBooks, -2022. – 557 p. [in Kazakh]

Information about the authors:

Abdulvahap Kara - Doctor of historical sciences, Professor at Mimar Sinan University of Fine Arts, Istanbul, Republic of Turkey

E-mail: karavahap@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9270-6761>

Aliakbarova Ainur Pernebekovna - PhD, Head of the Department of History of Kazakhstan, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: ainurap@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2236-170X>

Ospanova Akmaral Kenzheakhmetovna - **corresponding author**, PhD, Senior Lecturer, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>

Информация об авторах:

Абдувахап Кара - доктор исторических наук, профессор Университета искусств Мимар Синан, г. Стамбул, Республика Турция.

E-mail: karavahap@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9270-6761>

Алиакбарова Айнура Пернебековна – PhD, Заведующий кафедры истории Казахстана КАТИУ имени С.Сейфуллина, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: ainurap@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2236-170X>

Оспанова Акмарал Кенжеахметовна - **основной автор**, PhD, Старший преподаватель Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина, г.Астана, Республика Казахстан.

E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>

Авторлар туралы ақпарат:

Әбдіуақап Қара – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мимар Синан көркем өнер университеті, Стамбул қ., Түркия Республикасы

E-mail: karavahap@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9270-6761>

Алиакбарова Айнұр – PhD, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ainurap@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2236-170X>

Оспанова Ақмарал Кенжеахметқызы - **негізгі автор**, PhD, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>